

Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізу кезінде республикалық мемлекеттік мекеменің ақылы қызмет түрлерін көрсету қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 19 ақпандағы № 60 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 24 ақпанда № 20057 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің м.а. 2025 жылғы 31 шілдедегі № 190-НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің м.а. 31.07.2025 № 190-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабы 2-тармағына және "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 40-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫШ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.09.2022 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізу кезінде республикалық мемлекеттік мекеменің ақылы қызмет түрлерін көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өндеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

C. Омаров

Ауыл шаруашылығы министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрлік

2020 жылғы 19 ақпандагы

№ 60 бұйрығымен

бекітілген

Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізу кезінде респубикалық мемлекеттік мекеменің ақылы қызмет түрлерін көрсету қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізу кезінде респубикалық мемлекеттік мекеменің ақылы қызмет түрлерін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабы 2-тармағына және "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 40-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізу кезінде респубикалық мемлекеттік мекеменің ақылы қызмет түрлерін көрсету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрлінің 05.09.2022 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидалардың әрекеті суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізу кезіндегі қызметті жүзеге асыратын респубикалық мемлекеттік мекемелерге қолданылады.

2-taraу. Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізу кезінде респубикалық мемлекеттік мекеменің ақылы қызмет түрлерін көрсету тәртібі

3. Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізу кезінде респубикалық мемлекеттік мекеме мынадай ақылы қызмет түрлерін көрсетеді:

- 1) суармалы жерлердің топырақтық-мелиорациялық және тұздық түсірілімін жүргізу;
- 2) ыза сулардың деңгейіне гидрорежимдік бақылаулар жүргізу;
- 3) жерусті және жерасты суларының ирригациялық бағалауын жүргізу және оларды суару үшін пайдалану бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- 4) Жерусті және жерасты суларына ирригациялық бағалау жүргізу және оларды суару үшін пайдалану бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- 5) бақылау ұнғымаларын жабдықтау және суға ұнғымалар бүрғылау.

4. Республикалық мемлекеттік мекеме суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізу кезінде ақылы қызмет түрлерін көрсетуді Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 5 ақпандығы № 39 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19997 болып тіркелген) бекітілген суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізу кезінде республикалық мемлекеттік мекеме көрсететін ақылы қызмет түрлеріне арналған тарифтерге сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.09.2022 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Республикалық мемлекеттік мекеме өз қызметіне сәйкес ақылы қызмет түрлерін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке және занды тұлғалардың (бұдан әрі – өтініш беруші) жазбаша өтініші негізінде көрсетеді.

6. Өтінішті және тиісті құжаттарды қабылдауды мемлекеттік мекеменің жауапты лауазымды адамдары жүзеге асырады.

7. Өтініш осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізу кезінде республикалық мемлекеттік мекеменің ақылы қызмет түрлерін көрсету жөніндегі өтінішті есепке алу журналында тіркеледі, өтініш берушіге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініштің және тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

8. Журнал тігіледі, нөмірленеді, сондай-ақ, бірінші басшының немесе оны алмастыруши адамның қолымен және мөрімен (бар болса) расталады.

9. Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізу кезінде республикалық мемлекеттік мекеме көрсететін ақылы қызмет түрлерінің тізбесі және көрсетілетін қызметтердің тарифтері республикалық мемлекеттік мекемеде көрнекі ақпарат орындарында орналастырылады.

10. Ақылы қызмет түрлері республикалық мемлекеттік мекемеде белгіленген күн тәртібіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын көрсетіледі.

11. Ақылы қызмет түрлерін көрсету үшін күтүге және қажетті құжаттарды дайындауға қолайлы жағдайлар жасалады (құжаттарды толтыруға арналған орындар қажетті құжаттар тізбесімен және оларды толтыру үлгілері бар стендтермен жарақтандырылады).

12. Өтініш берушілермен қолма-қол ақша арқылы жүзеге асырылатын есеп айырысу фискалдық жады бар бақылау-кассалық машиналарын міндettі түрде қолдана отырып және өтініш берушіге бақылау-кассалық машинаның чегін бере отырып, респубикалық мемлекеттік мекеменің кассасы арқылы, ал қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша респубикалық мемлекеттік мекеменің бақылау шотына ақша қаражатын аудару жолымен жүргізіледі.

13. Ақылы негізде қызмет алған өтініш берушіге респубикалық мемлекеттік мекеме шот-фактура береді.

14. Республикалық мемлекеттік мекеменің суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізу кезінде ақылы қызмет түрлерін көрсетуден алынған қаражат түсімдер және шығыстар жоспарларына сәйкес мыналарға жұмсалады:

1) далалық топырақтық-мелиорациялық, зертханалық және гидрогеологиялық іздестіру жұмыстарын жүргізу;

2) респубикалық мемлекеттік мекеменің материалдық-техникалық базасын жарақтандыру үшін транспорт құралдарын, кенсе техникасын, далалық аспаптарды, зертханалық жабдықтар мен механизмдерді сатып алу;

3) тауарлық-материалдық құндылықтарды: жанар-жағармайды, химиялық реактивтерді, қосалқы бөлшектерді, байланыс құралдарын, еңбекті қорғауды, өрт қауіпсіздігі мен гигиенаны қамтамасыз етуге арналған арнайы қорғаныш құралдарын сатып алу;

4) байланыс қызметіне, банктік көрсетілетін қызметке, коммуналдық қызметке, көлік құралдарын техникалық байқау және міндettі сақтандыру, мамандандырылған жабдықтарды тексеру жөніндегі қызметтерге ақы төлеу;

5) далалық топырақтық-мелиорациялық және гидрогеологиялық іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін респубикалық мемлекеттік мекеме тартатын штаттан тыс маусымдық мамандар мен жұмысшылардың енбегіне ақы төлеу;

6) мониторинг және мелиорация саласындағы нәтижелердің деректерін автоматты түрде өндеуге арнайы бағдарламалық қамтылым сатып алу және енгізу;

7) мемлекеттік мекеменің жұмыс істеуіне байланысты ғимараттарды, құрылыштарды және объектілерді жөндеу;

8) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес іссапар шығындарын өтеу шегінде респубикалық мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің

іссапар шығыстары, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге іссапар шығыстары;

9) республикалық мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін еңбек көрсеткіштері үшін көтермелеу;

10) республикалық мемлекеттік мекеменің мамандарын даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

11) республикалық мемлекеттік мекеменің ғылыми, әдістемелік материалдарын және ресми бюллетендерін шығару.

Тұсімдер және шығыстар жоспары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларына сәйкес жасалады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.09.2022 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Қызметтерді сатудан түсетін қарожатқа салық салу тәртібі және салықтар мен алымдар бойынша жеңілдіктер беру Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттеледі.

16. Республикалық мемлекеттік мекеме ақылы қызмет түрлерін көрсетуден алынатын ақшаның тұсуін және жұмсалуын есепке алу "Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 (Нормативтік-құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізімінде № 6443 болып тіркелген) және "Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 бұйрықтарымен (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізімінде № 15594 болып тіркелген) бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады.

Суармалы жерлердің
мелиорациялық жай-күйіне
мониторинг және бағалау
жүргізу кезінде республикалық
мемлекеттік мекеменің ақылы
қызмет түрлерін көрсету
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Кімге: _____

(республикасының мемлекеттік мекеменің толық атауы)

Кімнен: _____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі немесе занды тұлғаның толық атауы)

Өтініш берушінің мекенжайы _____

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон)

Өтініш берушінің деректемелері _____

(жеке тұлғалар үшін - жеке сәйкестендіру нөмірі,

занды тұлғалар үшін - бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

ӨТІНІШ

бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуінізді сұраймын.

Өтініш беруші _____

(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

20 жылғы " "

Суармалы жерлердің
мелиорациялық жай-күйіне
мониторинг және бағалау
жүргізу кезінде респубикалық
мемлекеттік мекеменің ақылы
қызмет түрлерін көрсету
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

**Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізу
кезінде респубикалық мемлекеттік мекеменің ақылы қызмет түрлерін көрсету
жөніндегі өтінішті есепке алу журналы**

Tіркеу №	Кабылдау күні	Өтініш берушінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі немесе оның уәкілетті	Ақылы көрсетілетін қызметтердің түрлері	Қоса берілген күжаттардың саны мен атауы	Өтінішті қабылдаған жауаптылауазымды
----------	---------------	--	---	--	--------------------------------------

		өкілінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі			тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі
1	2	3	4	5	6

Суармалы жерлердің
мелиорациялық жай-күйіне
мониторинг және бағалау
жүргізу кезінде республикалық
мемлекеттік мекеменің ақылы
қызмет түрлерін көрсету
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Өтінішті және тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат

mekенжайы бойынша орналасқан
республикалық мемлекеттік мекемесі
ақылы қызметтер түрлерін көрсету үшін

Сіздің өтінішінді және тиісті құжаттарды, атап айтқанда:

- 1) _____ ;
- 2) _____ ;
- 3) _____ ;
- 4) _____ ;
- 5) _____ ;

қабылдайды.

Осы қолхат әр тараф үшін бір-бір данадан 2 данада жасалды.

(өтінішті қабылдаған жауапты лауазымды адамның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі,

қолы)

Телефоны _____

Алдың:

(өтініш берушінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі немесе оның уәкілетті өкілінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

20 жылғы " "

